

ТУҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗДІК

Біздің ең киелі, ең қасиетті ұғымымыз – тәуелсіздік. Азаттықтың тамыры тым тереңде жатыр. Талай ғасырлар қойнауына көз жүгіртіп қарасақ, бабаларымыздың қанымен, білегінің күшімен, найзасының ұшымен келген киелі де қасиетті тәуелсіздіктің қандай қиындықпен келгені баршамызға мәлім. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес.

Халқымыз бостандықты аңсап, тәуелсіздікке зарығып жетті. Аңсаған азаттық жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының жөне өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны анық. Қазіргі таңда Тәуелсіздік күні – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты, ұлтымыздың ұлы мұраты. Еліміз тәуелсіз жас мемлекет бола тұрып, осындай қысқа мерзім ішінде үлкен белестерді бағындырып, өлемнің алып елдерімен тең тұрып өзін мойындата алды.

Еліміздің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) – Еуропада, Орталық Азияда және Солтүстік Америкада орналасқан 56 елдің басын біріктіретін ірі аймақтық ұйымға төрағалық етуі, 2011 жылы қаңтар-ақпан айларында Астана мен Алматы қалаларында тұңғыш рет VII Қысқы Азияда ойынының өткізілуі, 2011 жылы әуелгі атауы Ислам Конференциясы Ұйымы болып табылатын жетекші халықаралық ұйымға төраға болуы, XXVIII қысқы Дүниежүзілік универсиада ойындарының Алматы қаласында өткізілуі – бәрі ел егемендігінің шырайлы көріністері. Сондай-ақ, Астанада өткен ЭКСПО–2017 Халықаралық көрмесі дүниежүзін өзіне қарата алған тәуелсіз ел екендігіміздің тағы да бір дәлелі болды.

Г. ӘБШЕВА,
Алмалы аудандық Қазынашылық
басқармасының Алдын-ала бақылау
тобының бас маманы.

КІТАП –